

SAMSUNG

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



SM-R530
SM-R630

Kazakh. 07/2025. Rev.1.3

www.samsung.com

Мазмұны

Жұмысты бастау

- 3 Galaxy Buds3 / Galaxy Buds3 Pro туралы ақпарат
- 4 Құрылғының сыртқы көрінісі мен функциялары
- 7 Құлаққап ұштарын ауыстыру (Galaxy Buds3 Pro)
- 8 Батареяны зарядтау
- 15 Индикатор шамдарының хабарландырулары

Құлаққаптарды пайдалану

- 18 Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосу
- 22 Желілерді пайдалану
- 23 Құлаққапты тағу
- 25 Құлаққапты қимылдармен пайдалану
- 28 Шуылды басқару элементтері режимдерін пайдалану
- 30 Қоршаған орта дыбысына автоматты түрде ауысу (Galaxy Buds3 Pro)
- 31 Музыканы тыңдау
- 31 Эквалайзерді пайдалану
- 32 Қоңыраулардың мүмкіндіктерін пайдалану
- 32 Bixby

Galaxy Wearable қолданбасы

- 34 Кіріспе
- 37 Galaxy Buds параметрлерін конфигурациялау

Пайдалану бойынша ескертпелер

- 45 Құрылғыны пайдалану бойынша сақтық шаралары
- 46 Орама құрамы мен аксессуарлар бойынша ескертпелер
- 47 СУ және шаң қорғанысын жүргізу
- 48 Құлаққапты пайдалану бойынша сақтық шаралары
- 49 Galaxy Buds құрылғысын тазалау және реттеу
- 51 Құлаққаптарды қайта іске қосу
- 51 Құлаққапты байланыстыру

Қосымша

- 52 Ақауларды жою

Жұмысты бастау

Galaxy Buds3 / Galaxy Buds3 Pro туралы ақпарат

Galaxy Buds3 / Galaxy Buds3 Pro (бұдан әрі Galaxy Buds) — мобильдік құрылғыға жалғағаннан кейін, жаттығу сияқты басқа да әрекеттерді орындау кезінде де сізге музыка тыңдауға немесе кіріс қоңырауларға жауап беруге мүмкіндік беретін сымсыз құлаққап.




Құлаққаптарды көліктер қарқынды қозғалатын жерлерде, мысалы жолдарда немесе жүргінші бөлікте тақпаған жөн. Керісінше жағдайда, реакцияның төмендеуі жол-көлік оқиғаларының себебі болуы мүмкін.



Құрылғының сыртқы көрінісі мен функциялары

Құлаққап


► Galaxy Buds3:



► Galaxy Buds3 Pro:



Зарядтау кейсы



- Құрылғы қалыпты жұмыс істеуі үшін, оны магниттік кедергі жоқ жерде қолданыңыз.
- Құрылғыңызда және кейбір аксессуарлар (бөлек сатылады) магнит қамтиды. Оны несие карталарынан, имплантталған медициналық құрылғылардан және магниттер әсер етуі мүмкін басқа да аспаптардан алшақ ұстаңыз. Медициналық құрылғыларға қатысты жағдайда, бұл құрылғыны олардан 15 см-ден ұзақ қашықтықта ұстаңыз. Медициналық құрылғының жұмысына кедергі келтіру туралы күмәніңіз болса, құрылғыны қолдануды доғарып, дәрігеріңізбен немесе медициналық құрылғыны өндірушімен кеңесіңіз.
- Жүрекке кардиостимулятор имплантталған болса, құрылғыны имплантталған құрылғыға жақын қалталарға, мысалы, кеуде қалтасына немесе күртешенің ішкі қалтасына салмаңыз.
- Магниттер әсер ететін объектілерден және құрылғы мен магниттерден тұратын кейбір аксессуарлардан (бөлек сатылады) қауіпсіз арақашықтық сақтаңыз. Несиелік карталар, есеп-қисап кітапшалары, рұқсатнамалар, ұшаққа отырғызу талондары немесе автокөлік тұрағының карталары сияқты заттар құрылғыдағы магниттерден зақымдалуы немесе бұзылуы мүмкін.



Бұзылған құлаққапты қолданған жағдайда жарақат алуыңыз мүмкін. Құлаққапты Samsung қызмет көрсету орталығында немесе өкілетті қызмет көрсету орталығында жөндегеннен кейін ғана қайта қолдануға болады.




- Егер сенсорлық датчикке бөгде заттар қойылса, датчик істен шығуы мүмкін. Құлаққаптарды тақпай тұрып, алдымен датчикті тазалау қажет.
- Егер зарядтау контактілеріне тер немесе сұйықтық тиіп кетсе, Galaxy Buds құлаққаптары тоттанып кетуі мүмкін. Егер зарядтау контактілеріне немесе құлаққаптарға тер немесе сұйықтық тиіп кетсе, құлаққаптарды зарядтау кейсына салу алдында оларды тазалаңыз.
- Осы нұсқаулықта Galaxy Buds3 Pro құрылғысының суреттері көрсетілген.

Құлаққап ұштарын ауыстыру (Galaxy Buds3 Pro)




- Құлаққаптарды құлаққап ұштарынсыз құлаққа салмаңыз. Бұлай істеу құлақты күйдіруі мүмкін.
- Сіз оны тіркеген немесе ажыратқан кезде құлақ ұшын артық тартуға болмайды. Құлақ ұшы жыртылып кетуі мүмкін.
- Құлақ ұшын қатты басуға немесе бұрауға болмайды. Құлақ ұшы зақымдалуы мүмкін.
- Құлаққап ұшын салған кезде, ол құлаққаптың сыртында пайда болатын шағын аралыққа тұрып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда құлаққап ұштарын алып тастап, қайта салыңыз.

- 1 Құлаққапқа салынған құлаққап ұшын бұрап, ортаңғы бөлігін тігінен тартыңыз.



- 2 Құлаққа сәйкес құлақ ұштарын таңдаңыз.
- 3 Құлаққап динамигінің шығыңқы бөлігін құлаққап ұшының ойығымен туралап, орнына бекітілгенше итеріңіз.



Батареяны зарядтау

Құлаққаптарды бірінші рет пайдалану алдында немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, батареяны толығымен зарядтаңыз. Құлаққаптар зарядтау кезінде жұмыс істей бастайды. Батареяны алғаш рет зарядтағанда немесе батареяның заряды толығымен таусылғанда, оны кемінде 10 минут бойы зарядтау керек.


Кірістірілген батареясы бар зарядтау кейсы зарядтағышқа жалғанған кезде, ол ішіндегі құлаққаппен бірге зарядталады.




Құлаққапты заряды толықтай таусылған зарядтау кейсына салсаңыз, сигнал берілуі мүмкін. Құлаққапты салмай тұрып, зарядтау кейсын жеткілікті түрде зарядтаңыз.

Кабельдің көмегімен зарядтау


- 1 Зарядтау кейсын ашыңыз.
- 2 Әрбір құлаққап бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсындағы тиісті ұяларға салыңыз.



- 3 Зарядтау кейсын жабыңыз.



- 4 USB кабелін зарядтағышқа жалғаңыз, одан кейін USB кабелін зарядтағыш портына жалғаңыз.




- 5 Зарядтағышты электр розеткасына салыңыз.
Құлаққап батареялары және зарядтау кейсы бір уақытта зарядталады.
- 6 Толығымен зарядтағаннан кейін зарядтау кейсын зарядтағыштан ажыратыңыз. Алдымен, USB кабелін зарядтау кейсынан суырып, одан кейін зарядтағышты электр розеткасынан ажыратыңыз.

Сымсыз зарядтау

Зарядтау кейсында кірістірілген сымсыз индукциялық зарядтау шарғысы бар. Батареяны сымсыз зарядтағышпен (бөлек сатылады) зарядтауға болады.

- 1 Зарядтау кейсын ашыңыз.
- 2 Әрбір құлаққап бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсындағы тиісті ұяларға салыңыз.
- 3 Зарядтау кейсын жабыңыз.

- 4 Сымсыз индукциялық зарядтау шарғысының ортасын сымсыз зарядтағыштың ортасындағы зарядтау кейсының артқы жағына қойыңыз. Керек-жараққа немесе тысқа байланысты сымсыз зарядтау мүмкіндігі ойдағыдай жұмыс істемеуі мүмкін. Тұрақты түрде сымсыз зарядтау үшін тысты немесе керек-жарақты Galaxy Buds-дан ажыратқан дұрыс.



- 5 Толығымен зарядтағаннан кейін зарядтау кейсын сымсыз зарядтағыштан ажыратыңыз.



Сымсыз зарядтауға қатысты сақтық шаралары

Металл нысандар және магниттер сияқты өткізгіш материалдар зарядтау кейсы мен сымсыз зарядтағыш арасына қойылған жағдайда, зарядтау кейсын сымсыз зарядтағышқа қоймаңыз. Galaxy Buds құрылғысы дұрыс зарядталмауы немесе қызып кетуі мүмкін, болмаса зарядтау кейсы зақымдалуы мүмкін.



Samsung тарапынан бекітілген сымсыз зарядтағыштарды пайдаланыңыз. Егер сіз басқа сымсыз зарядтағыштарды пайдалансаңыз, батарея тиісінше зарядталмауы мүмкін.


Сымсыз қуатпен бөлісу арқылы зарядтау

Galaxy Buds құрылғысын сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғының батареясымен зарядтай аласыз. Сымсыз зарядтағыш ретінде істейтін құрылғыны зарядтау кезінде де Galaxy Buds құрылғысын зарядтауға болады. Пайдаланылатын аксессуарлар немесе телефон тысының түріне байланысты сымсыз қуатпен бөлісу мүмкіндігі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл мүмкіндікті пайдаланар алдында сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғының және Galaxy Buds тысын алып тастау ұсынылады.

- 1 Зарядтау кейсын ашыңыз.
- 2 Әрбір құлаққап бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсындағы тиісті ұяларға салыңыз.

3 Зарядтау кейсын жабыңыз.

4 Сымсыз зарядтағыш ретінде жұмыс істейтін құрылғыда қуатпен сымсыз бөлісу мүмкіндігін қосып, сымсыз индукциялық зарядтау шарғысының ортасын сымсыз зарядтағыш ретінде жұмыс істейтін құрылғының зарядтау кейсының артқы жағына қойыңыз.



5 Толығымен зарядтағаннан кейін, зарядтау кейсын сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғыдан ажыратыңыз.



- Galaxy Buds құрылғысын сымсыз қуатпен бөлісу мүмкіндігіне қолдау көрсететін мобильдік құрылғылар ғана зарядтай алады. Сымсыз қуатпен бөлісу мүмкіндігін қолдайтын мобильдік құрылғыларды көру үшін Samsung веб-сайтына кіріңіз.
- Сымсыз индукциялық зарядтау шарғысының орны құрылғы бойынша әр түрлі болуы мүмкін. Күшті байланыс жасау үшін, құрылғы мен зарядтау кейсын реттеңіз.
- Дұрыс зарядтау үшін зарядтау кезінде сымсыз зарядтағышты не зарядтау кейсын қозғауға немесе пайдалануға болмайды.
- Galaxy Buds құрылғысына берілетін қуат оған сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғыдан берілетін қуаттан азырақ болуы мүмкін.
- Сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғыны зарядтау кезінде Galaxy Buds құралын зарядтасаңыз, зарядтағыш түріне байланысты зарядтау жылдамдығы төмендеуі мүмкін немесе Galaxy Buds құралы дұрыс зарядталмауы мүмкін.
- Құрылғының жағдайына немесе қоршаған ортаға байланысты зарядтау жылдамдығы немесе тиімділігі әртүрлі болуы мүмкін.
- Сымсыз зарядтағыш қызметін атқаратын құрылғының қалған батарея қуаты белгілі бір деңгейден төмен түссе, қуатпен бөлісу тоқтатылады.

Батарея деңгейін тексеру

Құлаққапты мобильді құрылғыға жалғап, мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашыңыз, содан кейін құлаққап пен зарядтау кейсы батареясының күйін тексеріңіз. Қосымша ақпаратты [Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосу](#) бөлімінен қараңыз.

 L • R  100%



Қалған батарея деңгейі төмен болса, мобильді құрылғының хабарландыру деңгейінде хабарландыру пайда болады.

Батарея шығынын азайту

Құлаққаптар пайдаланбайтын кезде оларды зарядталған зарядтау кейсында сақтаңыз. Әйтпесе сенсорлық датчик жұмыс істеуді жалғастырады және бұл батареяны пайдалану уақытына және қуатының жұмсалуына әсер етеді.

Батареяны зарядтау кезіндегі кеңестер мен сақтық шаралары



Galaxy Buds құрылғысына арналған және Samsung мақұлдаған зарядтағышты және кабельді ғана пайдаланыңыз. Сәйкес емес зарядтағыштар мен кабельдер едәуір жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



- Зарядтағышты дұрыс жалғамау зарядтау кейсын қатты зақымдауы мүмкін. Ұқыпсыз пайдалану салдарынан туған ақауларға кепілдік қолданылмайды.
- Тек Galaxy Buds құралымен берілген USB Type-C кабелін пайдаланыңыз. Егер Micro USB кабелі пайдаланылса, зарядтау кейсы зақымдалуы мүмкін.
- Зарядтағыш порты суланған кезде, Galaxy Buds құрылғысын зарядтасаңыз, Galaxy Buds бұзылуы мүмкін. Galaxy Buds құрылғысын зарядтау алдында зарядтағыш портын жақсылап кептіріңіз.



- Зарядтағыштар бөлек сатылады.
- Қуатты үнемдеу үшін пайдаланылмаған кезде зарядтағышты желіден ажыратыңыз. Зарядтағыштың қуат қосқышы жоқ, сондықтан қуат ысырабын болдырмау үшін, пайдаланбаған кезде зарядтағышты электр розеткасынан ажырату керек.
- Зарядтаған кезде, тиімді зарядтауға кепілдік беретін және мақұлданған зарядтағышты пайдаланғаныңыз дұрыс.
- Зарядтау кейсында құлаққапты сақтағанда немесе құлаққапты зарядтағанда және зарядтау кейсының өзін зарядтағанда ол жабық күйде тұруы тиіс.
- Егер зарядтау кейсын зарядтау барысында контактілерін ұстасаңыз, бұл зарядтау барысына ықпал етуі мүмкін.
- Егер зарядтау контактілеріне тер немесе сұйықтық тиіп кетсе, Galaxy Buds құлаққаптары тоттанып кетуі мүмкін. Егер зарядтау контактілеріне немесе құлаққаптарға тер немесе сұйықтық тиіп кетсе, құлаққаптарды зарядтау кейсына салу алдында оларды тазалаңыз.
- Зарядтау, құлаққапты зарядтау кейсына салу кезінде автоматты түрде басталып, құлаққап толығымен зарядталған жағдайда автоматты түрде доғарылады.
- Құлаққап толық зарядталғаннан кейін де оны зарядтау кейсынан алмасаңыз, бұл жағдай Galaxy Buds құрылғысының қызмет мерзіміне қатты әсер етуі мүмкін.
- Galaxy Buds құлаққабын ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, оны зарядтап болғаннан кейін сақтап қойыңыз.
- Компьютер сияқты зарядтағыштан ерекшеленетін қуат көзін пайдалану тоқтың ең төмен жылдамдығы себебінен зарядтау жылдамдығының төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Зарядтау кезінде Galaxy Buds және зарядтағыш қызып кетуі мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай және Galaxy Buds құрылғысының қызмет мерзіміне немесе жұмысына әсер етпеуі керек. Егер батарея әдеттегіден ыстығырақ болса, зарядтағыш зарядтауды тоқтатуы мүмкін.
- Galaxy Buds дұрыс зарядталмай жатса, Galaxy Buds құрылғысы мен зарядтағышты Samsung қызмет көрсету орталығына немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына апарыңыз.
- USB кабелін майыстыруға болмайды. Бұлай істеу USB кабелінің қызмет мерзімін қысқартуы немесе зақым келтіруі мүмкін. Зақымдалған USB кабелін ешқашан пайдаланбаңыз.


Индикатор шамдарының хабарландырулары

Жіңішке шамдар және зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы құлаққап пен зарядтау кейсының күйін көрсетеді.

Жіңішке шамдар (Galaxy Buds3 Pro)

Құлаққап ақпаратын тексеру

Құлаққап күйін жіңішке шамдар арқылы тексеруге болады.



Әрекет	Күйі
Бір рет жыпылықтайды	Зарядтау кейсын ашып, құлаққапты зарядтау кейсына салып, жапқан кезде
Тұрақты жанып тұрады	Bluetooth жұптау режиміне өткен кезде, құлаққапты іздеген кезде



Толық зарядталған құлаққап салынған кезде, зарядтау кейсын жылдам ашып, жапсаңыз немесе құлаққап салынған зарядтау кейсын баяу жапсаңыз, құлаққаптың тек жіңішке шамы жануы мүмкін.

Жіңішке шамдарды пайдалану

Қажет кезде, жіңішке шамды қосуға және жану стилін өзгертуге болады.



- Екі құлаққаптағы батарея деңгейі кемінде 30% болған кезде ғана, осы мүмкіндік қолжетімді.
- Бұл функция қолданылса, құлаққап батареясын пайдалану дәрежесі артады.

- Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Түйме-құлаққапты басқару элем-і** → **Түйме-құлаққап шамын басқару эл** тармағын түртіңіз.

2 Жарық түсу стилін таңдау бөлімінде жіңішке шамдардың жану стилін таңдаңыз.

- **Жыпылықтау:** жіңішке шамдар жыпылықтайды.
- **Көбейту және азайту:** жіңішке шамдар біртіндеп жанып, күңгірттенеді.
- **Тұрақты:** жіңішке шамдар жанып тұрады.

Екі құлаққапты тағып жүрген кезде екеуін де қысып ұстап тұрсаңыз, таңдалған жану стилі құлаққапта пайда болады.

Жіңішке шамдарды өшіру үшін құлаққапты тақпаған кезде екеуін де қысып ұстап тұрыңыз немесе зарядтау кейсына қойыңыз. Мобильдік құрылғыдан хабарландырулар тақтасын ашуға да болады.

Түйме-құлаққап шамдары қосулы хабарландыруында ✓ түймесін, содан кейін **Өшіру** түймесін түртіңіз.

Зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы

Зарядтау кейсының зарядтау күйін зарядтау кейсы батареяның индикатор шамының түсі арқылы тексеріңіз.

Зарядтау кейсының төменгі жағындағы қосу түймесін қысқаша бассаңыз немесе зарядтау кейсын ашсаңыз не жапсаңыз, зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы көрсетіледі.



Түсі	Күйі
Үздіксіз қызыл болып жанады	• Құлаққап (салынған болса) және зарядтау кейсы зарядталып жатыр.
Жасыл болып жанады	• Құлаққап (салынған болса) және зарядтау кейсы толықтай зарядталды.
Қызыл түспен жыпылықтайды	• Зарядтау блокталды (құлаққаптың немесе зарядтау кейсының температурасы қалыптан тыс, құлаққаптың не зарядтау кейсының зарядтау контактілеріне су, тер не бөгде зат тиген)
Қызыл түспен жыпылықтайды (зарядтау кейсын жапқаннан кейін жыпылықтайды)	• Зарядтау кейсының батарея қуаты төмен (10%-дан аз).

Түсі	Күйі
Қызыл (зарядтау кейсын жапқаннан кейін 5 секунд бойы жанады)	Зарядтау кейсының батарея қуаты төмен (10% және 29% аралығында) және құлаққап зарядталып жатыр.
Сары (зарядтау кейсын жапқаннан кейін 5 секунд бойы жанады)	Зарядтау кейсының батарея қуаты орташа (30% және 59% аралығында).
Жасыл (зарядтау кейсын жапқаннан кейін 5 секунд бойы жанады)	Зарядтау кейсының батарея қуаты жоғары (60%-дан көп) және құлаққап толық зарядталды.



- Зарядтау кейсы батареяның индикатор шамы сипатталғандай жұмыс істемесе, зарядтағышты зарядтау кейсынан ажыратып, қайта жалғаңыз.
- Құлаққаптың не зарядтау кейсының зарядтау контактілеріне су, тер не бөгде зат тигеніне байланысты зарядтау блокталса, зарядтау контактілерін тазалап, қайта зарядтап көріңіз.

Құлаққаптарды пайдалану

Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосу

Байланыс алдында

- Зарядтау кейсын жеткілікті түрде зарядтаңыз.
- Мобильді құрылғыға Galaxy Wearable қолданбасы орнатылуы қажет. Мобильді құрылғыға қолданба орнатылмаған болса, оны **Galaxy Store** немесе **Play Store** дүкенінен жүктеп алыңыз.



- Galaxy Wearable қолданбасын Android операциялық жүйесінің 10.0 (API 26) немесе одан кейінгі нұсқасы орнатылған және жады 1,5 ГБ немесе одан көп құрылғыларға ғана жүктеп алуға болады.
- Мобильді құрылғыңыздағы Galaxy Wearable қолданбасының тілін өзгертуге болады. Мобильдік құрылғыдан **Парам-р** қолданбасын ашып, **Жалпы басқару** → **Тіл** опциясын түртіңіз. Егер параметрлерде таңдалған тілге Galaxy Wearable қолданбасында қолдау көрсетілмесе, әдепкі бойынша ағылшын тілі көрсетілуі мүмкін.
- Android операциялық жүйесінің 16-нұсқасындағы немесе одан кейінгі нұсқасындағы мобильдік құрылғыларда құлаққапты “Параметрлер” экранында қосуға болады.

Құлаққапты Samsung мобильді құрылғысына алғаш рет қосу

- 1 Әрбір құлаққап бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсындағы тиісті ұяларға салыңыз.
Зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы жанбаса, зарядтау кейсын зарядтағышқа жалғап, оны 10 минуттан аса уақыт зарядтаңыз.

2 Зарядтау кейсын жауып-ашыңыз.

Болмаса зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін 3 секундтан артық уақыт бойы басып тұрыңыз.

Құлаққаптар Bluetooth жұптау режиміне өтіп, мобильді құрылғыда ашылмалы терезе автоматты түрде пайда болады.


Егер ашылмалы терезе пайда болмаса немесе Android операциялық жүйесі пайдаланылатын Samsung шығармаған мобильді құрылғыға жалғау керек болса, [Құлаққапты Android операциялық жүйесі пайдаланылатын Samsung шығармаған мобильдік құрылғыға жалғау \(немесе байланыс ашылмалы терезесі пайда болмайды\)](#) қараңыз.



Зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы қызыл түсте жанғанда, құлаққаптарды зарядтау кейсынан алып, оларды кейсқа қайта салыңыз.


3 Мобильді құрылғыңызда ашылмалы терезеден **Қосылу** түймесін түртіп, байланысты аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Байланыс орнатылған соң, ішінде құлаққабы бар зарядтау кейсын ашқан кезде, ол мобильдік құрылғыңызға автоматты түрде қосылатын болады.





- Galaxy Wearable қолданбасын Android операциялық жүйесінің 10.0 (API 26) немесе одан кейінгі нұсқасы орнатылған және жады 1,5 ГБ немесе одан көп құрылғыларға ғана жүктеп алуға болады.
- Қосылу тәсілдері сіздің мобильді құрылғыңызға және бағдарламалық жасақтаманың нұсқасына байланысты өзгеріп тұруы мүмкін.
- Қалқымалы терезенің пайда болуы қосылған мобильді құрылғыларға байланысты өзгеруі болуы мүмкін.
- Егер құлаққап мобильді құрылғыға 3 минут ішінде жалғанбаса, Bluetooth жұптау режимі сөндіріледі. Зарядтау кейсын қайтадан жабыңыз да, ашыңыз. Құлаққаптар Bluetooth жұптау режиміне өтеді.
- Байланыс орнатылғаннан кейін басқа құрылғыға қосылу үшін **Мобильді құрылғыдан ажыратқаннан кейін басқа құрылғыларға қосу** бөліміне жүгініңіз.
- Құлаққапты Samsung есептік жазбасына кірген мобильді құрылғыға қосқан кезде, құлаққапты жұптастыру туралы ақпарат сол Samsung есептік жазбасын қолданатын басқа мобильді құрылғылармен синхрондалады, осылайша, оларды қайта жұптастыру қажет болмайды. Құлаққаппен бір Samsung есептік жазбасын пайдаланатын басқа құрылғыларды қосу үшін **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар → Bluetooth** тармағына өтіп, Samsung есептік жазбасымен синхрондалған құлаққапты таңдаңыз.
- Егер мобильді құрылғыңызға бір ғана құлаққап қосылған болса, дыбыс моно режимінде ойнатылады. Мобильдік құрылғыңызға екі құлаққап қосылған кезде, ол автоматты түрде стерео режиміне ауысады.
- Құлаққап мобильдік құрылғыға қосылмаса, байланыс ашылмалы терезесі пайда болмаса немесе мобильдік құрылғы құлаққапты таба алмаса, Bluetooth жұптау режиміне қолмен өту үшін оны зарядтау кейсына салып, қосу түймесін 3 секундтан ұзақ басыңыз. Bluetooth жұптау режимі қосылған кезде, зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы қызыл, жасыл және көк түспен жыпылықтайды. Үлгіге байланысты жіңішке шамдар жыпылықтауы мүмкін.



Құлаққапты Android операциялық жүйесі пайдаланылатын Samsung шығармаған мобильдік құрылғыға жалғау (немесе байланыс ашылмалы терезесі пайда болмайды)



Егер сіз Samsung компаниясы шығармаған және Android операциялық жүйесімен жұмыс істейтін мобильді құрылғыға қосылатын болсаңыз, құлаққаптардың кейбір мүмкіндіктері қолжетімсіз болуы және дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- 1 Әрбір құлаққап бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсындағы тиісті ұяларға салыңыз.
Зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы жанбаса, зарядтау кейсын зарядтағышқа жалғап, оны 10 минуттан аса уақыт зарядтаңыз.
 - 2 Зарядтау кейсын жауып-ашыңыз.
Болмаса зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін 3 секундтан артық уақыт бойы басып тұрыңыз.
Құлаққаптар Bluetooth жұптау режиміне өтеді.
 - 3 Мобильді құрылғыңызда мобильді құрылғыға құлаққаптарды жалғау үшін Bluetooth мүмкіндігін белсендіріп, **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, байланысты аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
-  Android операциялық жүйесінің 16-нұсқасындағы немесе одан кейінгі нұсқасындағы мобильдік құрылғыларда құлаққапты “Параметрлер” экранында қосуға болады.



Bluetooth функциясын пайдалану бойынша сақтық шаралары

- Құлаққаптарды басқа құрылғыға қосқанда мәселелерді болдырмау үшін құрылғыларды бір біріне жақын қойыңыз.
- Құлаққап пен екінші Bluetooth құрылғысы Bluetooth байланысының максималды ауқым шеңберінде (10 м) екеніне көз жеткізіңіз. Қашықтық, құрылғылар пайдаланылатын қоршаған ортаға байланысты өзгере алады.
- Құлаққаптар мен қосылған құрылғы арасында кедергілер, соның ішінде, адам денелері, қабырғалар, бұрыштар немесе қоршаулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жалғанған құрылғының Bluetooth антеннасына тимеңіз.
- Bluetooth кейбір өндірістік, ғылыми, медициналық және төмен қуатты өнімдермен бірдей жиілікті пайдаланады және осы өнімдер түрлерінің жанында қосылымдар орнатқанда кедергілер орын алуы мүмкін.
- Кейбір құрылғылар, әсіресе Bluetooth SIG сынақтан өткізбеген немесе бекітпеген құрылғылар құлаққаптармен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Bluetooth мүмкіндігін заңсыз мақсаттарда пайдаланбаңыз (мысалы, файлдардың пираттық көшірмелерін жасау немесе коммерциялық мақсаттарда хабарларды заңсыз түрде алу).

Желілерді пайдалану

Bluetooth сияқты желіні пайдалануға болады.

Қосылған мобильдік құрылғыдан **Парам-р** бөлімін ашып, **Қосылымдар** түймесін түртіңіз, содан кейін **Bluetooth** қосқышын қосу үшін түртіңіз.

Желіні пайдаланбаған кезде, қосқышты қосу үшін түртіңіз.



Кейбір мүмкіндіктер модельге байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.


Құлаққапты тағу

Құлаққапты құлағыңызға қолайлы етіп реттеңіз.




- Егер сенсорлық датчик құлақпен байланыспаса, құлаққап жұмыс істемеуі мүмкін. Құлаққап анықталғанын хабарлайтын дыбыс естілмесе, құлаққапты құлағыңыздан алып, қайта салыңыз немесе құлағыңызға сәйкес келетін құлаққап ұшына ауыстырыңыз.
- Құлаққап сипатына байланысты оны таққан кезде бос болуы немесе алынып қалуы мүмкін. (Galaxy Buds3)
- Құлаққаптарды құлаққа дұрыс салмаған жағдайда, құлаққап арқылы қоңырау шалу сияқты мүмкіндіктер жұмыс істемеуі мүмкін. Құлаққа сай келетін құлаққап ұштарын қолданып, құлаққапты дұрыс тағыңыз. (Galaxy Buds3 Pro)
- Сымсыз құрылғыларды пайдалануға тыйым салынатын жерлерде, мысалы ұшақтардың бортында және ауруханаларда барлық жарияланған ескертулерді және уәкілетті қызметкерлер құрамының нұсқауларын ұстаныңыз.

1 Құлаққапты ұстап, зарядтау кейсынан тігінен алыңыз.




- 2 Әрбір құлаққаптың бағытын тексеріңіз.
- 3 Басылған бағдар белгілерін өзіңізге қаратып, құлаққапты құлағыңызға салып, құлаққаптың төменгі жағындағы микрофонды аузыңызға бағыттаңыз.
- 4 Құлаққап құлағыңызға ыңғайлы тағылуы үшін, оны солға және оңға бұру арқылы реттеңіз.
Құлаққаптарды таққан кезде, сенсорлық датчиктер олардың тағылғанын анықтайды. Одан кейін құлаққаптан құлаққаптың анықталғанын хабарлайтын дыбыс шығады.



Құлаққапты қимылдармен пайдалану

Кіріспе

Музыканы ойнату, тоқтату немесе қоңырауға жауап беру не қабылдау үшін құлаққапты қысыңыз немесе сырғытыңыз. Сондай-ақ құлаққапты қысу не сырғыту арқылы басқа да әрекеттерді орындайтындай орнатуға болады. Келесі термин, қимыл аймақтары араластыру аймағы мен өткізу аймағын да қамтиды.




- Құлақты ауыртпауы үшін, құлаққапты тым қатты баспаңыз.
- Қимыл аймақтарына зақым келтірмеу үшін құлаққапты үшкір затпен қыспаңыз не сырғытпаңыз.



- Егер құлағыңызда пирсинг сияқты металл заттар болса, оны алып тастауыңыз қажет. Құлаққапқа металл зат тисе, құлаққаптың қимыл мүмкіндігі істен шығуы немесе жауап қайтармауы мүмкін.
- Құлаққапқа тер немесе сұйықтық тиген жағдайда оны тазалаңыз. Терге немесе сұйықтыққа байланысты құлаққаптың қимыл мүмкіндігі істен шығуы немесе жауап қайтармауы мүмкін.
- Құлаққапты құлақтан алған кезде, оның қимыл аймақтарын қыспау не сырғытпау үшін абай болыңыз. Бұл функциялардың абайсызда іске қосылуына әкелуі мүмкін.

Қимылдарды түсіну



Бір рет қысу

- Тректі ойнату немесе кідірту.
- Қоңырауға жауап беру немесе оны аяқтау.
- Хабарландыруларды дауыстап оқу функциясын өшіріңіз.
- Дауысты анықтау немесе сигналды анықтау мүмкіндігін пайдалануды тоқтату.



Екі рет қысу

- Келесі тректі ойнату.



Үш рет қысу

- Алдыңғы тректі ойнату.
 - Трек ойнатыла бастағаннан кейін құлаққапты 3 секунд үш рет қыссаңыз, трек басынан басталады. Алдыңғы тректі ойнату үшін трек ойнатыла бастаған сәттен бастап 3 секунд ішінде құлаққапты үш рет қысыңыз.



Қысып ұстап тұру

- Алдын ала орнатылған мүмкіндікті қосыңыз.
 - Әдепкі бойынша шуылды басқару элементтері режимін іске қосады. Қосқыңыз келген мүмкіндікті өзгерту туралы қосымша ақпаратты [Қысып ұстап тұру мүмкіндігін орнату](#) бөлімінен қараңыз.
- Қоңырауды қабылдамаңыз.
- Құлаққапты тақпаған кезде, жіңішке шамдарды қосу үшін екі құлаққапты қысып, ұстап тұрыңыз. (Galaxy Buds3 Pro)



Жоғары немесе төмен сырғыту

- Дыбыс деңгейін реттеу.



Құлаққап мобильдік құрылғыға қосылмаса, байланыс ашылмалы терезесі пайда болмаса немесе мобильдік құрылғы құлаққапты таба алмаса, Bluetooth жұптау режиміне қолмен өту үшін оны зарядтау кейсына салып, қосу түймесін 3 секундтан ұзақ басыңыз. Bluetooth жұптау режимі қосылған кезде, зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы қызыл, жасыл және көк түспен жыпылықтайды. Үлгіге байланысты жіңішке шамдар жыпылықтауы мүмкін.

Қысып ұстап тұру мүмкіндігін орнату

Мүмкіндіктерді қосу үшін әрбір құлаққаптың қысып ұстап тұру мүмкіндігін орнатуға болады.

- 1 Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Түйме-құлаққапты басқару элем-і** түймесін түртіңіз.
- 2 **Басқару элементтерін қысып тұру** бөлімінде қосу үшін **Сол жақ** не **Оң жақ** қосқышты түртіңіз.
- 3 Әр құлаққап үшін қысып ұстап тұру мүмкіндігін таңдаңыз.
 - **Шуды басқаруды ауыстыру:** келесі шуылды басқару элементтерін қосу немесе өшіру үшін орнату: қоршаған орта дыбысы, бейімделгіш және белсенді шуылды басу. Қосымша ақпаратты [Шуылды басқару элементтері режимдерін белсендіру](#) бөлімінен қараңыз.
 - **Bixby:** интеллектуалды дауыстық көмекші қызметімен сөйлесуді бастау. Bixby қызметін пайдаланған кезде, қосымша ақпаратты [Bixby қызметін пайдалану](#) бөлімінен қараңыз.
 - **Аудармашы:** ауызша әңгімелерді нақты уақытта аудару және оларды дауысқа немесе мәтінге түрлендіру.
 - **Есте сақтау:** ойды сергітетін музыканы ойнату. Samsung Health қолданбасындағы ойнату тізімін қарауға да болады.



Қолжетімді опциялар жалғанған мобильдік құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Шуылды басқару элементтері режимдерін пайдалану

Кіріспе

► **Galaxy Buds3:** айналаңыздағы дыбыстардың деңгейін азайту үшін белсенді шуылды басу мүмкіндігін қосыңыз. Оны басқа нәрселерге алаңдамау қажет болғанда, мысалы, музыка тыңдағанда пайдаланыңыз.

► **Galaxy Buds3 Pro:** шуылды басқару элементтерінің үш режимі бар: қоршаған орта дыбысы, бейімделгіш және белсенді шуылды басу.

Қоршаған ортаны анық есту үшін қоршаған орта дыбысы режимін қоссаңыз, қандай да бір қауіпті байқайтын немесе сөйлесу кезінде басқа адамның дауысын ести алатын боласыз. Қоршаған орта шуылының деңгейіне байланысты қоршаған орта дыбыстарының деңгейін немесе белсенді шуылды басу күшін оңтайландыру үшін бейімделгіш режимді қосыңыз. Шуылды басу мүмкіндігі шулы орталарда жұмыс істейді, бірақ тыныш болған кезде, құлаққап қоршаған орта дыбыстарын өткізеді. Айналаңыздағы дыбыстардың деңгейін азайту үшін белсенді шуылды басу мүмкіндігін қосыңыз. Оны басқа нәрселерге алаңдамау қажет болғанда, мысалы, музыка тыңдағанда пайдаланыңыз.



Микрофон (құлаққапты тағып жүргенде сыртқы микрофон) мен оның айналасы толық жабылған болса, шуылды басқару элементтері режимін белсендіру кезінде кері байланыс орын алуы мүмкін.



Бейімделгіш және белсенді шуылды басу мүмкіндігін құлаққа құлаққаптың екеуі де тағылғанда ғана қоса аласыз.

Шуылды басқару элементтері режимдерін белсендіру

Құлаққаптан белсендіру

Қысып ұстап тұру мүмкіндігінің **Шуды басқаруды ауыстыру** орнатылғанын тексеріп, содан кейін құлаққапты қысып ұстап тұрыңыз.

► **Galaxy Buds3:** белсенді шуылды басу мүмкіндігі іске қосылады.

► **Galaxy Buds3 Pro:** келесі шуылды басқару элементтерінің режимдері іске қосылады: қоршаған орта дыбысы, бейімделгіш және белсенді шуылды басу.



Қысып ұстап тұру мүмкіндігі **Шуды басқаруды ауыстыру** орнатылса және өшірулі опцияны қамтыса, шуылды басқару элементтері режимдері өшуі мүмкін. Таңдалған опцияны тексеру үшін **Шуды басқаруды ауыстыру** түймесін түртіңіз.

Galaxy Wearable қолданбасынан белсендіру

- ▶ **Galaxy Buds3:** мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Белсенді шуылды басу** қосқышын қосу үшін түртіңіз.
- ▶ **Galaxy Buds3 Pro:** мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Айналадағы дыбыс**, **Бейімделгіш** немесе **Белсенді шуылды басу** түймесін түртіңіз.

Параметрлерден іске қосу



- Бұл мүмкіндік Android 11 One UI 3.1 және одан кейінгі нұсқасы орнатылған мобильді құрылғыларда ғана қолжетімді.
- Қолжетімді опциялар жалғанған мобильдік құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- 1 Мобильдік құрылғыдан **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар** → **Bluetooth** опциясын түртіңіз.
- 2 **Жұптасқан құрылғылар** астындағы құлаққап атауының жанында тұрған  түймесін түртіңіз.
- 3 ▶ **Galaxy Buds3:** **Белсенді шуылды басу** қосқышын қосу үшін түртіңіз.
▶ **Galaxy Buds3 Pro:** **Айналадағы дыбыс**, **Бейімделгіш** немесе **Белсенді шуылды басу** түймесін түртіңіз.

Виджеттен белсендіру

- ▶ **Galaxy Buds3:** Galaxy Buds контроллері виджетін мобильдік құрылғыға қосып, **Белсенді шуылды басу** түймесін түртіңіз.
- ▶ **Galaxy Buds3 Pro:** Galaxy Buds контроллері виджетін мобильдік құрылғыға қосып, шуылды басудың басқару элементтерінің қажетті белгішесін түртіңіз.

Шуылды басу қарқындылығын реттеу (Galaxy Buds3 Pro)

Қоршаған орта дыбысы немесе белсенді шуылды басу мүмкіндігі шуылды басудың басқару элементтері режимі ретінде қосылса, жеке параметрлерге сәйкестендіру үшін қоршаған орта дыбыстарының деңгейін немесе белсенді шуылды басу күшін реттеңіз.

- 1 Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Айналадағы дыбыс** немесе **Белсенді шуылды басу** түймесін түртіңіз.
- 2 **Айналадағы дыбыс деңгейі** немесе **Белсенді шуды болдырмау деңгейі** бөліміндегі реттеу жолағын сүйреңіз.



- Арнайы мүмкіндіктер параметрлеріндегі қоршаған орта дыбысы мүмкіндігіне арналған есту мүмкіндігінің кеңейтімдерін пайдалансаңыз, параметрлерді тексеру үшін **Қолданыстағы есту қабілетін жақсартулар** түймесін түртіңіз.

Қоршаған орта дыбысына автоматты түрде ауысу (Galaxy Buds3 Pro)

Құлаққап тағып жүрген кезде әңгімелескен не телефонмен сөйлескен кез сияқты белгілі бір жағдайларда құлаққап оны анықтап, қоршаған орта дыбысы режимін автоматты түрде қосады, осылайша қоршаған ортадағы жағдайға не әңгімеге көңіл бөле аласыз.

- 1 Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Айналадағы дыбысқа авто ауысу** түймесін түртіңіз.
- 2 Құлаққаптың қоршаған орта дыбысы режимін автоматты түрде қосуы керек жағдайлардың қосқыштарын түртіңіз.
 - **Дауысты анықтау:** құлаққап тағып жүрген кезде сөйлей бастасаңыз, құлаққап кез келген жағдайда дауысыңызды анықтап, қоршаған орта дыбысы режимін қосады. Белгілі бір уақыт бойы әңгіме анықталмаса, қоршаған орта дыбысы режимі өшеді.
 -  • Екі құлаққапты тағып жүрген кезде, оның дауысты анықтау датчиктері дауысыңызды анықтайды. Сол себепті құлаққапты бір құлаққа тақсаңыз, бұл мүмкіндік қолжетімді болмайды.
 - Тіс тазалау, жөтелу немесе күбірлеу сияқты дыбыстар шығарсаңыз, құлаққап қателікпен оны дауыс деп түсінуі мүмкін.
 - Дауыспен басқару элементтері мүмкіндігі қосылса, құлаққап дауысты анықтаса да, қоршаған орта дыбысы режимі кешірек жауап беруі мүмкін, себебі ол дауыспен басқару пәрменін анықтағаннан кейін ғана қосылады.
 - **Сиренаны анықтау:** құлаққап белгілі бір деңгейден жоғары сигналдарды анықтайды және қоршаған орта дыбысы режимін қосады.
 - **Қоңырауда айна. дыб. пайдалану:** дауысты байқамай көтеруге жол бермеу және ұзақ қоңыраулар барынша ыңғайлы болуы үшін, құлаққап қоңыраулар кезінде дауысыңыз естілетіндей қылады.

Қоршаған орта дыбысы режимі автоматты түрде іске қосылған кезде, оны өшіру үшін құлаққапты бір рет қысыңыз.

Музыканы тыңдау

Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосумен мобильді құрылғыда сақталған музыканы тыңдаңыз. Содан соң, жалғанып тұрған мобильді құрылғыдан ойнатылатын музыканы ағын арқылы таратуға болады.

Мобильді құрылғыдан музыка ойнатқыш қолданбасын ашып, музыканы ойнатыңыз.

Тректі ойнату немесе кідірту

Тректі ойнату немесе кідірту үшін құлаққапты қысыңыз.

Келесі тректі ойнату

Келесі тректі ойнату үшін құлаққапты екі рет қысыңыз.

Алдыңғы тректі ойнату

Алдыңғы тректі ойнату үшін құлаққапты үш рет қысыңыз.



Трек ойнатыла бастағаннан кейін құлаққапты 3 секунд үш рет қыссаңыз, трек басынан басталады. Алдыңғы тректі ойнату үшін трек ойнатыла бастаған сәттен бастап 3 секунд ішінде құлаққапты үш рет қысыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін арттыру үшін құлаққапта жоғары сырғытыңыз немесе азайту үшін төмен сырғытыңыз.



- Егер толық дыбыс деңгейінде дыбыс құлаққаптарда төмен болса, дыбыс деңгейін қосылған мобильді құрылғы арқылы реттеңіз.
- Егер музыканы тыңдау кезінде құлаққаптар мобильді құрылғыға қосылса, дыбыс деңгейі өзгеруі мүмкін.

Эквалайзерді пайдалану

Эквалайзердің әртүрлі опцияларының бірін таңдап, ерекше және бірегей дыбыспен музыка тыңдай аласыз.

Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Дыбыс сапасы мен әсерлері** → **Эквалайзер** опциясын түртіңіз және қажеті опцияны таңдаңыз. Эквалайзерді қажетінше реттеу үшін **Реттелмелі** опциясын таңдаңыз.

Қоңыраулардың мүмкіндіктерін пайдалану

Құлаққапты мобильді құрылғыға қосылған күйде тағып жүрсеңіз, қосылған мобильді құрылғының қоңырауларын қабылдауға және басқаруға болады.



Кіріс қоңырау шалушының телефон нөмірі немесе контактілерде сақталған аты дауыстық хабарландырумен айтылмаса, мобильдік құрылғыдан **Телефон** қолданбасын ашып, **⋮ → Параметрлер → Қоңырауларға жауап беру және қабылдамау** опциясын түртіп, **Қоң. шалушы атын дауыстап оқу** қосқышын қосу үшін түртіңіз.

Қоңырауға жауап беру немесе қабылдамау

Құлаққаптарды таққан кезде қоңырау келсе, олардан дыбыс шығады және дауыстық хабарландыру кіріс қоңыраудың телефон нөмірін немесе контактілерге сақталған атты хабарлайды.

Қоңырауға жауап беру үшін құлаққапты қысыңыз.

Қоңырауды қабылдамау үшін құлаққапты қысып ұстап тұрыңыз.

Қоңырауды аяқтау

Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін құлаққапты қысыңыз.

Bixby

Кіріспе

Bixby – құрылғыңызды анағұрлым қолайлы пайдалануға мүмкіндік беретін пайдаланушы интерфейсі.

Bixby қызметімен сөйлесуге немесе мәтін теруге болады. Bixby сіз сұраған мүмкіндікті ашады немесе қосылған мобильді құрылғыдан қажетті ақпаратты көрсетеді. Қосымша ақпарат алу үшін www.samsung.com/bixby бетіне өтіңіз.



- Бұл мүмкіндік тек Bixby қызметіне қолдау көрсететін мобильді құрылғы жалғанған кезде қолжетімді болады.
- Мобильді құрылғыда орнатылған Bixby көмекшісіне байланысты тек бірнеше тіл қолжетімді болады. Белгілі бір мүмкіндіктер аймаққа байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.

Vixby іске қосу

Vixby көмекшісін ашу үшін қысып ұстап тұру мүмкіндігінің орнатылғанын тексеріп, құлаққапты қысып ұстап тұрыңыз.

Vixby қызметін пайдалану

Құлаққапты қысып ұстап тұрып, қажетті нәрсені айтыңыз. Болмаса ояту фразасын айтып, қажетті мәліметті айтыңыз.

Мысалы, құлаққапты қысып ұстап тұрып, “How’s the weather today?” деп айтыңыз. Ауа райы туралы ақпарат қосылған мобильдік құрылғыда пайда болады.

Әңгімелесу барысында Vixby сұрақ қойса, Vixby-мен құлаққапты қысып ұстап тұрмай немесе  түймесін түртпей-ақ әңгімелесе беруге болады.

Vixby қызметін дауыспен ояту

Құлаққап тағып жүрген кезде, мобильдік құрылғыда орнатылған ояту фразасын (“Hi, Vixby” немесе “Vixby”) айту арқылы Vixby-мен әңгімені бастауға болады.

- 1 Мобильді құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, **Түйме-құлаққаптар параметрлері** түймесін түртіңіз.
- 2 **Дауысты басқару элементтері** түймесін түртіп, **Vixby дауыспен ояту** қосқышын қосу үшін түртіңіз.

Мәтін теру арқылы сөйлесу

Дауысыңыз шулы ортаға байланысты танылмаса немесе сөйлесу қиын жағдайда болсаңыз, Vixby қызметімен мәтін арқылы сөйлесуге болады.

Құлаққапты қысып ұстап тұрып,  түймесін түртіп, қажетті нәрсені теріңіз.

Сөйлесу барысында Vixby де сізге дауыспен емес, мәтінмен жауап береді.

Дауысты анықтауға көмектесетін кеңестер

- Анық сөйлеңіз.
- Тыныш жерлерде сөйлеңіз.
- Әдепсіз сөздерді немесе жаргондарды қолданбаңыз.
- Сөйлеген кезде диалектілерді қолданбағаныңыз дұрыс.

Айналаға немесе сөйлеу мәнеріңізге байланысты Galaxy Buds айтқан сөздерді түсінбеуі немесе қажет емес пәрмендерді орындауы мүмкін.

Galaxy Wearable қолданбасы

Кіріспе

Galaxy Wearable қолданбасымен Galaxy Buds құрылғысының қалған батарея деңгейін тексеруге және параметрлерін конфигурациялауға болады.


Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашыңыз.

Кілт сөздерді енгізіп, баптауларды іздеу үшін  опциясын түртіңіз. **Ұсыныстар** бөлімінің астындағы белгіні таңдап, параметрлерді іздеуіңізге де болады.

Galaxy Wearable қолданбасын конфигурациялау үшін  →  тармағын түртіп, **Параметрлер** түймесін түртіңіз.



- Galaxy Wearable қолданбасын пайдалану үшін құлаққап мобильдік құрылғыға жалғануы керек. Қосымша ақпаратты [Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосу](#) бөлімінен қараңыз.
- Кейбір мүмкіндіктер жалғанған құрылғының түріне немесе үлгісіне байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.
- Android операциялық жүйесінің 16-нұсқасындағы немесе одан кейінгі нұсқасындағы мобильдік құрылғыға құлаққап қосқан кезде, Galaxy Buds параметрлерін “Параметрлер” экранында конфигурациялауға болады.



Galaxy Buds батареясының қалған қуаты

Galaxy Buds параметрлерін конфигурациялап, қалаған мүмкіндіктерді іске қосу.

Құрылғы байланыстарын реттеу

Мобильдік құрылғымен байланысқан тағылатын құрылғылар немесе Galaxy Wearable қолданбасымен жаңа құрылғыны байланыстыру сияқты әртүрлі құрылғы байланыстарын реттеуге болады.

Байланысқан құрылғыларды реттеу

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында  түймесін түртіңіз.

Тізімде дұрыс байланысқан құрылғылар мен бұрын байланысқан құрылғылар пайда болады.



- Құрылғыны мобильдік құрылғыдан ажырату үшін тізімдегі жалғанған құрылғының жанындағы  түймесін түртіңіз.
- Бұрын байланысқан құрылғымен қайта байланыстыру үшін тізімнен байланыстыру қажет құрылғыны таңдаңыз.

Жаңа құрылғылар қосу және құрылғыларды жою

1 Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында  түймесін түртіңіз.

2 Жаңа тағылатын құрылғыны байланыстыру үшін **+** түймесін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жаңа тағылатын құрылғы байланысады және тізімге қосылады.

Тізімнен тағылатын құрылғыны жою үшін  → **Құрылғыларды жою** тармағын түртіп, құрылғы таңдап, **Жою** түймесін түртіңіз.



Жаңа құлаққаппен байланыстырған кезде, ағымда байланысқан құлаққап уақытша ажыратылады.

Құлаққапты қосу және ажырату

Мобильді құрылғыларды құлаққаптардан ажырату

Құлаққаптарды зарядтау кейсына салып жабыңыз. Bluetooth қосылымы ажыратылатын болады.

Құлаққапты мобильдік құрылғыдан қолмен ажырату үшін мобильдік құрылғыдан **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар** → **Bluetooth** тармағын түртіп, **Жұптасқан құрылғылар** бөлімінде құлаққапты мобильдік құрылғыдан ажыратыңыз.

Мобильді құрылғыларды уақытша ажыратылған құлаққаптарға қайта қосу

Құрылғыдан ажыратылған құлаққаптарды қайта жалғау үшін, оларды зарядтау кейсына салып жабыңыз. Одан кейін зарядтау кейсын қайта ашыңыз. Болмаса зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін 3 секундтан артық уақыт бойы басып тұрыңыз.

Құлаққапты мобильдік құрылғыға қолмен қосу үшін мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Қосу** түймесін түртіңіз.

Мобильді құрылғыдан ажыратқаннан кейін басқа құрылғыларға қосу

- 1 Құлаққапты алдыңғы мобильдік құрылғыдан ажырату үшін мобильдік құрылғыдан **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар → Bluetooth** тармағын түртіп, **Жұптасқан құрылғылар** бөлімінде құлаққапты мобильдік құрылғыдан ажыратыңыз.
- 2 Bluetooth жұптау режиміне өту үшін зарядтау кейсын қайта жабыңыз және ашыңыз. Болмаса Bluetooth жұптау режиміне өту үшін зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін басып тұрыңыз.
- 3 Жаңа мобильді құрылғыңыздан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашып, байланысты аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Құлаққаптарға қосылған мобильді құрылғыларды ауыстыру

Құлаққаптар екі немесе одан көп мобильді құрылғылармен байланыстырылған болса, алдыңғы мобильді құрылғыдан ажыратпай-ақ мобильді құрылғыны ауыстыра аласыз.

Ауысқыңыз келген мобильді құрылғыда **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар → Bluetooth** тармағына өтіп, **Жұптасқан құрылғылар** астында құлаққапты таңдаңыз.



Құлаққаптар мен мобильді құрылғы арасындағы қосылымдарды жағдайға байланысты автоматты түрде ауыстыруға болады. Мысалы, құлаққаптар бір Samsung есептік жазбасына кірген планшет пен телефонда тіркелген болса, планшеттен бейне көріп жатып, телефондағы кіріс қоңырауды құлаққаптар арқылы қабылдай аласыз, себебі құлаққаптың қосылымы автоматты түрде телефонға ауысады.

Galaxy Buds параметрлерін конфигурациялау

Кіріспе

Мобильдік құрылғыңызға қосылған Galaxy Buds құрылғысының күйін қарап, оның параметрлерін өзгертуге болады.

Мобильдік құрылғыдан **Galaxy Wearable** қолданбасын ашыңыз.



- Android операциялық жүйесінің 16-нұсқасындағы немесе одан кейінгі нұсқасындағы мобильдік құрылғыға құлаққап қосқан кезде, “Параметрлер” экранында Galaxy Buds күйін тексеруге және параметрлерін конфигурациялауға болады. Мобильдік құрылғыдан **Парам-р** қолданбасын ашып, **Қосылымдар → Bluetooth** тармағын түртіңіз де, қосылған Galaxy Buds атауының жанындағы  түймесін түртіңіз.
- Шуылды басқару элементтері режимдері немесе Vixby қызметін дауыспен ояту сияқты кейбір мүмкіндіктер құлаққаптың жұмыс уақытына әсері етуі мүмкін.

Шуылды басқару элементтері режимдерін орнату

► **Galaxy Buds3**: белсенді шуылды басу мүмкіндігін қосу немесе өшіру.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Белсенді шуылды басу** қосқышын қосу үшін түртіңіз.

► **Galaxy Buds3 Pro**: жағдайға немесе қоршаған ортаға байланысты қоршаған орта дыбысы, бейімделгіш немесе белсенді шуылды басу мүмкіндігін қосу немесе өшіру. Сонымен қатар қоршаған ортаның дыбысы режимін автоматты түрде қосылатындай орнатуға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранын ашыңыз және мүмкіндікті таңдап, оның параметрлерін өзгертіңіз.

- **Өшірулі**: шуылды басқару элементтері режимін өшіру.
- **Айналадағы дыбыс**: қоршаған орта дыбысын естуге мүмкіндік береді.
- **Бейімделгіш**: қоршаған орта шуылының деңгейіне байланысты қоршаған орта дыбыстарының деңгейін немесе белсенді шуылды басу күшін оңтайландыру.
- **Белсенді шуылды басу**: айналадағы дыбыстарды азайту.
- **Айналадағы дыбыс деңгейі / Белсенді шуды болдырмау деңгейі**: қоршаған орта дыбысы немесе белсенді шуылды басу мүмкіндігін қосқан кезде, жеке параметрлерге сәйкестендіру үшін қоршаған орта дыбыстарының деңгейін немесе белсенді шуылды басу күшін реттеу.
- **Айналадағы дыбысқа авто ауысу**: құлаққап әңгімені не сигналды анықтаған кезде немесе қоңырау сияқты белгілі бір жағдайларда қоршаған ортадағы жағдайға немесе әңгімеге көңіл бөлу үшін автоматты қоршаған орта дыбысының режимі автоматты түрде қосылады.

Дыбыс сапасы және әсерлер

Құлаққаптың дыбыс сапасын және дыбыс әсерлерін конфигурациялауға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Дыбыс сапасы мен әсерлері** түймесін түртіңіз.

Дыбыс әсерлері

- **360 аудио:** мультимедиа көрген кезде 360 градусық кең ауқымды терең дыбыс әсерін қамтамасыз етеді. Оны бастың қозғалысына байланысты дыбысты анықтауға автоматты түрде реттелетіндей орнатуға да болады.
 -  Бұл мүмкіндік Android 11 One UI 3.1 және одан кейінгі нұсқаларында жұмыс істейтін мобильдік құрылғыларда ғана қолжетімді және мобильдік құрылғының үлгісіне байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін.
 - Қосылған мобильді құрылғыны өзіңізге жақынырақ қойсаңыз, аудионың сапасы жақсырақ болады.
 - Мультимедианың ойнатылуына байланысты бұл мүмкіндік қолжетімсіз болуы мүмкін.
 - Сигналды қабылдау мүмкіндігі нашар жерде жүрген болсаңыз, мобильді құрылғымен байланыс толық үзілуі мүмкін.
- **Эквалайзер:** эквалайзердің әртүрлі опцияларының бірін таңдап, ерекше және бірегей дыбыспен музыка тыңдау. Қосымша ақпаратты [Эквалайзерді пайдалану](#) бөлімінен қараңыз.
- **Диалогты күшейту:** дауыстар бейнелердің фондық дыбыстарынан анығырақ естіледі.
- **Дауысты қалыпқа келтіру:** мультимедианы ойнатқан кезде, дыбыстың тым қатты не тым төмен болуына жол бермейді.
- **Дыбыс сәйкес келетіндей реттеу:** құлаққап таққан кезде, дыбыс әсерін оңтайландыру үшін дыбыс автоматты түрде реттеледі. Екі құлаққап та құлағыңызға дәл келуі керек.

- **Жетілдірілген сапа опциялары**

- **Ультра жоғары сапа (UHQ) аудио:** аудио сапасын үлгі жылдамдығы 96 кГц-ке дейінгі түпнұсқа дыбысқа жақын орнату.



Кейбір мүмкіндіктер бұл мүмкіндік іске қосылған кезде қолжетімді болмауы мүмкін.

- **Өте кең ауқымды сөйлеу:** өткізу қабілеті 16 кГц анық қоңырау сапасын қамтамасыз етеді.

- **Түйме-құлаққаптың сәйкестігін тексеру:** дыбыс және белсенді шуылды басу мүмкіндігі жақсы жұмыс істеуі үшін құлаққаптың дұрыс орныққанын тексеру. (Galaxy Buds3 Pro)



- Қолжетімді опциялар жалғанған мобильдік құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Кеңейтілген сапа опцияларын пайдаланған кезде батарея зарядты тез таусылатын болады.

Түйме-құлаққапты басқару элем-і

Құлаққаптың қимылдар мүмкіндіктері параметрлерін конфигурациялаңыз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққапты басқару элем-і** түймесін түртіңіз.

- **Медиа басқ элементі:** мультимедианы ойнатқан кезде, музыканы ойнату не кідірту сияқты әрекеттермен басқару үшін құлаққаптың қимыл мүмкіндігін пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты [Қимылдарды түсіну](#) бөлімінен қараңыз.

Басқару элементтерін қысып тұру

- **Сол жақ:** сол жақ құлаққап үшін қысып ұстап тұру мүмкіндігін таңдау.
- **Оң жақ:** оң жақ құлаққап үшін қысып ұстап тұру мүмкіндігін таңдау.



Қосымша ақпаратты [Қысып ұстап тұру мүмкіндігін орнату](#) бөлімінен қараңыз.

Қоңыраудың басқару элементтері

- **Қоңырауға жауап беру не аяқтау:** қоңырауға жауап беру немесе оны аяқтау үшін қысу.
- **Қоңырауды қабылдамау:** қоңырауды қабылдамау үшін қысып ұстап тұру.
- **Түйме-құлаққап шамын басқару эл:** жіңішке шамдардың жану стилін өзгерту және жіңішке шамдарды құлаққапта көрінетіндей сақтау. Қосымша ақпаратты [Жіңішке шамдар \(Galaxy Buds3 Pro\)](#) бөлімінен қараңыз. (Galaxy Buds3 Pro)



Қолжетімді опциялар жалғанған мобильдік құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Түйме-құлаққаптар параметрлері

Құлаққапқа қатысты ақпаратты көріңіз және әртүрлі параметрлерді өзгертіңіз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** түймесін түртіңіз.

Samsung account

Samsung есептік жазбаңызға кіріп, оны реттеңіз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Samsung account** тармағын түртіңіз.

Дауысты басқару элементтері

Интеллектуалды дауыстық көмекші қызметімен сөйлесуді бастау үшін, Bixby қызметін дауыспен оятыңыз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Дауысты басқару элементтері** тармағын түртіп, **Bixby дауыспен ояту** қосқышын қосу үшін түртіңіз.

Дауыстық командалар қосқышын қосу үшін түртсеңіз, Bixby-ді шақырмай-ақ қажетті әрекеттерді орындау үшін дауыстық пәрмендерді орнатуға да болады. Бұл мүмкіндікке кейбір тілдер қолдау көрсетпеуі мүмкін.

Құлақта анықтау

Құлаққапты таққаныңызды анықтап, қоңырауларды мобильдік құрылғыдан қабылдап, мультимедианы ойнатуды кідіртетіндей етіп құлаққапты орнатуға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Құлақта анықтау** тармағын түртіп, қосқыңыз келген қосқышты түртіңіз.

- **Екі түйме-құлаққапты да алғанда, қоңырауды телефонға ауыстыр:** қоңырау барысында құлаққаптың тағылған-тағылмағанын анықтау арқылы құлаққаптың немесе мобильдік құрылғының қоңырауды қабылдауына орнату. Бұл мүмкіндік өшірілсе, құлаққап тағылмаған болса да, қоңырау шалушының дауысы құлаққапта ойнатылады.
- **Бір түйме-құлаққапты алып тастаған кезде медианы кідірту:** құлаққаптың тағылған-тағылмағанын анықтау арқылы құлаққапты мультимедианы ойнатуды кідіртетіндей және жалғастыратындай орнату. Бұл мүмкіндік өшірілсе, мультимедианы ойнату екі құлаққап та тағылмаған кезде ғана кідіріледі.



Құлаққап тақпасаңыз да, сенсорлық датчикті теріңізбен жапсаңыз, құлаққап тағылған деп анықталуы мүмкін.

Хабарландыруларды дауыстап оқу

Құлаққаптар арқылы мобильді құрылғы қолданбаларынан хабарландырулар аласыз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** →

Хабарландыруларды дауыстап оқу түймесін түртіңіз.

- **Q** : хабарландыру алғыңыз келетін қолданбаларды іздеуге болады.
- **Телефон қолдану кезде қатты оқу**: мобильді құрылғыны пайдалану кезінде құлаққаптарды мобильді құрылғы хабарландыруларын қабылдау күйіне орнатуға болады.
- **Барлығына рұқсат беру**: барлық қолданба хабарландыруын құлаққаптан қабылдауға және әр қолданбаның хабарландыру параметрлерін өзгертуге болады. Қолданба хабарландыруларын өзгеше қабылдау қажеттігін орнату үшін қолданбаның жанындағы қосқышты түртіңіз. Хабарландыруларды оқу немесе оқымау параметрі бойынша санатқа жіктелген қолданбаларды қарау үшін **Барлығы** түймесін түртсеңіз де болады.

Түйме-құлаққапты бірқалыпты қос

Құлаққап қосылатын құрылғыны ауыстыра аласыз. Қосылымды ағымдағы мобильдік құрылғыдан бір Samsung есептік жазбасына кірген маңайдағы басқа мобильдік құрылғыға немесе осыған дейін құлаққапқа қосылған құрылғыға ауыстыру үшін бұл мүмкіндікті қосуға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** →

Түйме-құлаққапты бірқалыпты қос тармағын түртіп, қосу үшін қосқышты түртіңіз.



Құлаққаптарды бейтаныс адамның мобильді құрылғысына қосудан абай болыңыз.

Мойын созу тур. еске салғыштар

Құлаққап 10 минуттан ұзақ басыңызды түсіріп отырғаныңызды анықтаған жағдайда, дыбыстық сигнал естіледі және мобильдік құрылғыда қарапайым жаттығулардың көмегімен мойныңызды созуға шақыратын экран пайда болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Мойын созу тур. еске салғыштар** тармағын түртіп, қосқышты қосу үшін түртіңіз.

Осы мүмкіндікті бірінші рет немесе деректерді ысырудан кейін іске қосқан кезде, функцияны орнату үшін құлаққапты калибрлеу қажет. Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- Құлаққаптың дұрыс калибрленіп, қимылдарыңызды дәл анықтайтынын тексеріңіз. Калибрлеу кезінде денеңізді қимылдатуға, мысалы, отыруға немесе тұруға болмайды.
- Егер құлаққапты басқа біреу пайдаланса немесе қимылды анықтау мүмкіндігі дұрыс жұмыс істемесе, оларды қайта калибрлеңіз.
- Қимылдаған жағдайда, тіпті басыңызды 10 минуттан ұзақ төмен түсіріп отырсаңыз да, дыбыстық сигнал берілмейді.
- Бұл мүмкіндік құлаққаптың екеуі де тағылған кезде жұмыс істейді.

Зертханалар

Құлаққаптың жаңа мүмкіндігін пайдаланып көріңіз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Зертханалар** тармағын түртіңіз.

- **Ойын ойнау режимі:** бейне және дыбыс арасындағы аудио кешігуін барынша азайтып, ойындарда дұрыс синхрондалған аудионы естуге болады.



Бұл мүмкіндік Android операциялық жүйесі орнатылған Samsung мобильді құрылғысына қосылған кезде ғана қолжетімді.

Бастапқыға келт-у

Құлаққаптың барлық параметрлерін бастапқы күйге келтіруге болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Бастапқыға келт-у** тармағын түртіңіз.

Арнайы мүмкіндіктер

Құлаққаптың арнайы мүмкіндіктерін жақсарту үшін әртүрлі параметрлерді конфигурациялаңыз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Арнайы мүмкіндіктер** тармағын түртіңіз.

- **Сол/оң жақ дыбыс теңдігі:** есту қабілетіңіз нашар немесе бір құлаққапты пайдаланған сізге ыңғайлырақ болса, оң жақ және сол жақ дыбыс деңгейінің тепе-теңдігін реттеуге болады. Тепе-теңдікті реттеу үшін **Сол/оң жақ дыбыс теңдігі** реттеу жолағын сүйреңіз. Жолақты солға қарай сүйресеңіз, сол жақ құлаққаптың дыбыс деңгейі арттырылады және екіншісі де дәл солай реттеледі.
- **Бір түйме-құлақ-н шуды басқару:** бір ғана құлаққап тағылған кезде де шуылды басқару элементтері режимдерін қосу.

- **Айналадағы дыбыс үшін есту қабілетін жақсартулар:** дыбысты есту қабілеті мен жеке қажеттіліктерге сәйкес орнату. (Galaxy Buds3 Pro)
 - **Айналадағы дыбыс деңгейі:** сол және оң жақ реттеу жолақтарын сүйреу арқылы сол және оң жақтағы қоршаған орта дыбысының деңгейлерін реттеу.
 - **Сіздің алды-а дауысты күшейту:** алдыңғы жақтағы дауыстарды естілетіндей қылады. Фондық шуды басу мөлшерін **Фондағы шуды азайту деңгейі** реттеу жолағын сүйреу арқылы да реттеуге болады.
- **Айналадағы дыбысты бейімдеу:** есту қабілетінің нашарлауына байланысты қоршаған орта дыбыстарын есту қиындық тудыратын адамдарға көмектесу үшін Galaxy Buds құлаққабын реттеу. (Galaxy Buds3 Pro)

Түйме-құлақ. бағ жасақ. жаңарту

Микробағдарламаны сымсыз желі арқылы жаңарту (FOTA) қызметінің көмегімен құлаққаптардың бағдарламалық құралын жаңартуға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Түйме-құлақ. бағ жасақ. жаңарту** түймесін түртіңіз.

- **Жүктеп алу және орнату:** жаңа нұсқаларды тексеріп, орнатуға мүмкіндік береді.
- **Автоматты жаңарту:** құлаққап зарядтау кейсына салынған кезде жаңартулар автоматты түрде орнатылады.

Диагностика

Samsung Members көмегімен Galaxy Buds құрылғысын сынаңыз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Диагностика** тармағын түртіңіз.

Түйме-құлаққаптар туралы

Galaxy Buds құрылғысының ақпаратын көріңіз.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптар параметрлері** → **Түйме-құлаққаптар туралы** тармағын түртіңіз.

Galaxy Buds құрылғысының атын өзгерту үшін **Атауын өзгерту** түймесін түртіңіз.

- **Құқықтық ақпарат:** Galaxy Buds құрылғысына арналған құқықтық ақпаратты қарау.
- **Бағдарлама-қ жасақтама ақпараты:** Galaxy Buds бағдарламалық жасақтамасы туралы ақпаратты қарау.
- **Батарея туралы ақпарат:** Galaxy Buds батареясы туралы ақпаратты қарау.

Түйме-құлаққаптарымды табу

Құлаққап табылмаса, оны табу үшін жалғанған мобильді құрылғыдағы Samsung Find қолданбасын пайдалануға болады.

Мобильдік құрылғының Galaxy Wearable экранында **Түйме-құлаққаптарымды табу** түймесін түртіңіз.

Мобильдік құрылғыда Samsung Find қолданбасы ашылады және сол жерде іздеген құлаққаптың орналасқан жерін картадан қарай аласыз. Сондай-ақ үлгіге байланысты құлаққапты одан шығатын дыбыс бойынша немесе шығатын дыбыс пен жыпылықтайтын жіңішке шамдар бойынша табуға болады.



- Samsung Find қолданбасына жалғанған мобильдік құрылғының бағдарламалық жасақтама нұсқасына байланысты қолдау көрсетіледі.
- Құлаққапты Samsung Find қолданбасымен табу үшін Samsung Find мүмкіндігінің жоғалтып алу режимі қосулы болуы және құрылғыларды офлайн табуға қатысты мүмкіндіктер де қосулы болуы керек.
- Сіз іздеген құлаққап зарядтау кейсында болмаса, оны маңайдан іздеуге және табуға 4 минут немесе одан көп уақыт кетуі мүмкін.

Пайдалану бойынша ескертпелер

Құрылғыны пайдалану бойынша сақтық шаралары

Қауіпсіз әрі дұрыс пайдалану үшін құрылғыны пайдалану кезінде осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

- Сипаттамалар әдепкі құрылғының параметрлеріне негізделген.
- Аймаққа, қызмет көрсетушіге, үлгінің техникалық сипаттамаларына немесе құрылғының бағдарламалық құралына байланысты құрылғыдағы кейбір мазмұн басқаша болуы мүмкін.
- Басқа мобильді құрылғыларды пайдалану алдында олардың құрылғымен үйлесімді болғанын тексеріңіз. Үйлесімді мобильді құрылғылардың техникалық сипаттамаларын қарау үшін Samsung веб-сайтына өтіңіз.
- Бұл құрылғымен бірге берілген бағдарламалық жасақтама, дыбыс көздері, тұсқағаздар, суреттер және басқа мультимедиа шектеулі пайдалану үшін лицензияланған. Бұл материалдарды шығарып алып, коммерциялық немесе басқа мақсаттарға пайдалану авторлық құқық туралы заңдарды бұзғандық болып саналады. Мультимедианы заңсыз пайдалануға толығымен пайдаланушылар жауапты.
- Құрылғымен бірге келетін әдепкі қолданбалар жаңартылуы керек және алдын ала ескертусіз енді қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Құрылғының операциялық жүйесін өзгерту немесе ресми емес көздерден бағдарламаларды орнату құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне және деректердің бүлінуіне немесе жоғалуына әкелуі мүмкін. Осындай іс-әрекеттер Samsung лицензиялық келісімін бұзады және кепілдіктің күшін жояды.
- Құрылғыға қосылатын мобильдік құрылғының өндірушісіне және үлгісіне байланысты, оның кейбір функциялары осы нұсқаулықта сипатталғандай жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл өнім кейбір тегін/ашық көзден алынған бағдарламалық құралдарды қамтиды. Осы өнімде пайдаланылған бастапқы коды ашық бағдарламалық жасақтаманың лицензиясы туралы ақпаратты opensource.samsung.com бетінен таба аласыз.
- Құрылғыда магниттер бар. Оны несие карталарынан, имплантталған медициналық құрылғылардан және магниттер әсер етуі мүмкін басқа да аспаптардан алшақ ұстаңыз. Медициналық құрылғыларға қатысты жағдайда, бұл құрылғыны олардан 15 см-ден ұзақ қашықтықта ұстаңыз. Медициналық құрылғының жұмысына кедергі келтіру туралы күмәніңіз болса, құрылғыны қолдануды доғарып, дәрігеріңізбен немесе медициналық құрылғыны өндірушімен кеңесіңіз.
- Бұл өнім магниттің көмегімен жұмыс істейді. Құрылғыңызды магнитті өрістер жанында сақтамаңыз. Бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

Нұсқаулық белгішелер



Ескерту: өзіңіздің немесе басқалардың жарақат алуына әкелуі мүмкін жағдайлар



Абайлаңыз: құрылғыны немесе басқа жабдықты бұзуы мүмкін жағдайлар



Ескертпе: ескертулер, пайдалану туралы кеңестер немесе қосымша ақпарат

Орама құрамы мен аксессуарлар бойынша ескертпелер

Қораптың ішіндегі заттар туралы мәлімет алу үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.

- Galaxy Buds құрылғысымен бірге берілген тауарлар және кез келген қолжетімді керек-жарақ аймаққа немесе тасымалдаушыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Берілген элементтер тек осы Galaxy Buds құрылғысына арналған және олар басқа құрылғылармен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Сыртқы түрі мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Сондай-ақ, жақсырақ орнығуы үшін құлаққап ұштарының өлшемін де өзгертуге болады.
- Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті Samsung сатушысынан сатып алуға болады. Сатып алу алдында олардың Galaxy Buds құрылғысымен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Samsung мақұлдаған аксессуарларды пайдаланыңыз. Бекітілмеген қосалқы құралдарды пайдалану кепілдікте қамтылмаған өнімділік мәселелерін және ақаулықтарды тудыруы мүмкін.
- Барлық қосалқы керек-жарақтың қолжетімділігі тек өндіруші компанияларға байланысты болады. Қол жетімді қосалқы құралдар туралы қосымша ақпарат Samsung веб-сайтында ұсынылған.

СУ және шаң қорғанысын жүргізу

Құрылғы су мен шаңға төзімді және келесі халықаралық стандарттарға сай. Зарядтау кейсы судан қорғалмаған.

- IP57 суға төзімділік рейтингісінің сертификаты: IEC 60529 стандартының талаптарына сәйкес 15–35 °C, 86–106 кПа, 1 м таза суда 30 минут қозғалыссыз тексерілді.

Құрылғының суға және шаңға төзімділігін қамтамасыз ету үшін нұсқауларды орындауыңыз қажет.

- Құрылғыларды бассейн немесе теңіз суының әсерінен қорғау қажет.
- Құрылғыны сабынды су, май, иіссулар, күн сәулесінен қорғайтын крем, қол жуғыш құралдар, сондай-ақ косметика сияқты химиялық өнімдердің немесе құрамында спирт бар сұйықтықтардың әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғылардың күшпен қозғалатын суға немесе ағынды суға тиюіне жол бермеңіз.
- Жүзу кезінде, су спортымен айналысқанда немесе душқа түскен кезде құрылғыларды тақпаңыз.
- Құрылғыларды сауна сияқты температурасы қалыпты ауқымнан тыс немесе ылғалдылық деңгейі жоғары жерлерде пайдалануға болмайды.
- Құрылғыларды құлатуға немесе оларға ауыр салмақ түсіруге болмайды.
- Құрылғыларды кір жуғыш немесе кептіргіш машиналарға салмаңыз.

Құрылғыға су немесе кір тиген жағдайда төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Егер құрылғыларға таза су тиген болса, оларды таза, жұмсақ шүберекпен сүрту арқылы жақсылап кептіріңіз және құрылғыларды сілкіп, ішінде қалған суды кетіріңіз.
- Егер құрылғылар ластанған немесе оларға таза судан басқа кез келген сұйықтықтың әсері тиген болса, құрылғыларды Samsung қызмет көрсету орталығында жөндегеннен кейін ғана пайдалануыңыз қажет.

Құрылғыларды су астындағы пайдалануға ұсынылмайды.

Құлаққапты пайдалану бойынша сақтық шаралары

- Шамадан тыс қатты дыбыстар шығару есту қабілетінің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Құлаққаптарды жүріп келе жатқанда пайдалану назарыңызды аударып, апатқа себеп болуы мүмкін.
- Құлаққапты қолданудың алдында дыбыс қаттылығын әрдайым азайтыңыз және сөйлегенін немесе музыканы естуге қажетті төменгі дыбыс қаттылығы деңгейін пайдаланыңыз.
- Құлағыңыз немесе құлаққаптарыңыз дымқыл болса, онда бөгде заттар бар болса немесе құлаққаптар теріге ұзақ уақыт тиіп тұрса, тері тітіркенуі мүмкін. Құлаққаптарды тағар алдында құлағыңыз бен құлаққаптардың таза және құрғақ болғанына көз жеткізіңіз.
- Құрғақ жерлерде статикалық электр тогы құлаққапта жиналуы мүмкін. Құлаққапты құрғақ жерлерде пайдаланбаңыз немесе оны пайдалану алдында статикалық электр тогын зарядсыздандыру үшін металл затқа тигізіңіз.
- Құлаққапты көлік жүргізу немесе көлікте жүру кезінде пайдаланбаңыз. Бұлай істеу алаңдатуы және апатқа әкелуі мүмкін немесе сіздің аймаққа байланысты заңсыз болуы мүмкін.
- Galaxy Buds халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес жасалғанымен, құлаққапты күшпен салу немесе ұзақ уақыт тағып жүру құлақты ауыртуы немесе теріні тітіркендіруі мүмкін.
- Егер құлаққапты киген кезде терінің тітіркенуін сезінсеңіз, оны дереу шешіп, маман кеңесін алыңыз.
- Құлаққапты сығымдалған ауамен тазалауға болмайды және құлаққапқа немесе зарядтау кейсына шаң, тер, сия, май не химиялық заттар (косметика, күн сәулесінен қорғайтын крем, бактерияға қарсы спрей, антисептик, жуғыш құрал, инсектицид, т.б.) тиген жағдайда, ультрадыбыстық толқындарды немесе сыртқы жылу көздерін пайдалануға болмайды. Түсінің өзгеруі немесе тоттану себебінен Galaxy Buds зақымдалуы мүмкін.
- Құлаққап ұштарын алып тастап, сыртын және торлы бөлігін таза сумен жуып, қолданыстан кейін мұқият құрғатыңыз. Құлаққап ластанған жағдайда жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Galaxy Buds құрылғысын тазалау және реттеу

Негізгі техникалық қызмет көрсету

- Құлаққаптарды қолданғаннан кейін тазалау үшін, жұмсақ, құрғақ шүберек пайдаланыңыз.
- Құлаққаптарды құрғақ сақтаңыз. Құлаққаптарға сұйықтық енуін немесе тимеуін болдырмаңыз.
- Микрофон тесігінде, динамикте және ауа арнасында құлықтың немесе қоқыстардың жиналуына жол бермеу үшін, құлаққаптарды жиі тазалап тұрыңыз.

Микрофон тесігін, динамикті және ауа арнасын тазалау


Егер ағымдағы параметрмен дыбыс деңгейі тиісті деңгейден төмен болса, микрофон тесігін, динамикті және ауа арнасын тазалаңыз. Динамикті тазалаудың алдында құлаққаптың астыңғы жағындағы тілшіктен құлаққап ұшын ажыратыңыз.

Құлықты немесе қоқыстарды таза, құрғақ және жұмсақ щеткамен, мақталы таяқшалармен немесе басқа да құралдармен тазалаңыз.


► Galaxy Buds3:



Микрофон тесігі




Динамик




Ауа арнасы


► Galaxy Buds3 Pro:



Микрофон тесігі



Динамик




Ауа арнасы



Құлықты немесе қоқысты кетіру кезінде үшкір заттарды қолданбаңыз және артық күш салмаңыз. Микрофон тесігі, динамик және ауа арнасы зақымдалуы мүмкін.

Зарядтау контактілерін тазалау

Егер батарея дұрыс зарядталмаса, зарядтау контактілерін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.



Зарядтау контактілері

Құлаққаптар мен зарядтау кейсын тазалау

Зарядтау кейсы мен құлаққапқа шаң, құм немесе металл жоңқасы сияқты бөгде заттар кіріп кететін болса, Galaxy Buds дұрыс зарядталмауы немесе бұзылуы мүмкін. Құлаққапқа немесе зарядтау кейсына бөгде заттар кіріп кеткен болса, құлаққапты зарядтау кейсына салмас бұрын оларды жұмсақ әрі құрғақ матаның көмегімен сүртіңіз.

Құлаққаптарды қайта іске қосу

Құлаққаптың қимыл мүмкіндігі істен шықса, жауап бермесе немесе құлаққап дұрыс жұмыс істемесе, құлаққапты қайта іске қосыңыз.

Құлаққаптарды қайта іске қосу үшін, қуаты бар зарядтау кейсындағы тиісті ұяшықтарға құлаққаптарды салып, зарядтау кейсын жабыңыз, содан соң оларды 7 секунд немесе одан ұзақ уақыт өткеннен кейін алыңыз.



Зарядтау кейсының батарея қуаты төмен болса, зарядтау кейсын зарядтағышқа жалғаңыз.

Құлаққапты байланыстыру

Құлаққаптардың бірін жоғалтып алған жағдайда, жаңа құлаққап жиынтығын сатып алудың қажеті жоқ, бір құлаққапты ғана сатып алып, қолданыстағы құлаққаптармен байланыстыруға болады.

- 1 Әрбір құлаққап (жаңа сатып алынған және қолданыстағы құлаққап) бағытын тексеріп, оларды зарядтау кейсы қақпағындағы тиісті ұяларға дұрыс салыңыз.
- 2 Зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін 7–20 секунд бойы басып тұрыңыз. Зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы көк түспен жыпылықтайды да, өшеді. Содан соң, құлаққаптар бір-бірімен байланысты болады.



Құлаққаптар бір-бірімен дұрыс жұптаспаса, зарядтау кейсы батареясының индикатор шамы қызыл түспен жыпылықтайды. Құлаққаптарды зарядтау кейсы қақпағынан алып шығарыңыз да, қайтадан зарядтау кейсы қақпағына салып қойыңыз. Содан кейін зарядтау кейсын ашып, оның төменгі жағындағы қосу түймесін 7–20 секунд бойы басып тұрыңыз. Қосу түймесін 20 секундтан көбірек басып тұрсаңыз, құлаққап қалпына келуі мүмкін.

- 3 Құлаққаптарды мобильді құрылғыға қосу.
Екі құлаққаптың бағдарламалық жасақтама нұсқалары басқа болса, Galaxy Wearable қолданбасындағы нұсқауларды орындап, бағдарламалық жасақтаманы жаңартыңыз.

Қосымша

Ақауларды жою

Samsung қызмет көрсету орталығына немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласпай тұрып, келесі шешімдерді қолданып көріңіз. Кейбір жағдайлар сіздегі Galaxy Buds құрылғысына қолданылмауы мүмкін.

Samsung Members мүмкіндігін құрылғыны пайдаланудағы қандай да бір мәселелерді шешу үшін пайдалануыңызға да болады.

Құлаққаптар жұмыс істемейді

- Батарея толығымен разрядталуы мүмкін. Құлаққаптар пайдалану алдында батареяны толықтай зарядтаңыз.
- Егер құлаққаптың сенсорлық датчигі құлақпен байланыспаса, құлаққап жұмыс істемеуі мүмкін. Егер құлаққаптар анықталғанын хабарлайтын дыбысты естімесеңіз, құлаққаптарды құлақтан алып, қайта салып көріңіз.
- Құлаққаптың қимыл мүмкіндігі істен шықса, жауап қатпаса немесе құлаққап дұрыс жұмыс істемесе, құлаққапты қуаты бар зарядтау кейсінің сәйкес ұяшықтарына салып, оны жабыңыз және 7 секунд немесе одан ұзақ уақыт өткеннен кейін алыңыз.

Басқа Bluetooth құрылғысы құлаққаптарды таба алмады

- Bluetooth жұптау режиміне өту үшін, зарядтау кейсін қайта жауып ашыңыз.
- Құлаққап пен екінші Bluetooth құрылғысы Bluetooth байланысының максималды ауқым шеңберінде (10 м) екеніне көз жеткізіңіз. Қашықтық, құрылғылар пайдаланылатын қоршаған ортаға байланысты өзгере алады.

Егер жоғарыдағы кеңестер ақаулықты шешуге көмектеспесе, Samsung немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Bluetooth байланысы орнатылмаған немесе құлаққап және мобильдік құрылғыңыз ажыратылған

- Құрылғылар арасында қабырғалар немесе электрлік жабдық сияқты кедергілер болмауы керек.
- Ұялы құрылғыңызда Galaxy Wearable қолданбасының соңғы нұсқасы орнатылған болуы керек. Galaxy Wearable соңғы нұсқасы орнатылмаса, оны соңғы нұсқасына жаңартыңыз.
- Құлаққап пен екінші Bluetooth құрылғысы Bluetooth байланысының максималды ауқым шеңберінде (10 м) екеніне көз жеткізіңіз. Қашықтық, құрылғылар пайдаланылатын қоршаған ортаға байланысты өзгере алады.
- Мобильді құрылғыны қайта іске қосып, **Galaxy Wearable** қолданбасын қайта ашыңыз.
- Егер мобильді құрылғыңызға бір ғана құлаққап қосылған болса, екеуі де қосылуы үшін құлаққаптарды өшіріңіз де, қайта қосыңыз. Құлаққаптарды өшіріп, қайта қосу үшін [Құлаққаптарды қайта іске қосу](#) бөлімін қараңыз.

Батарея дұрыс зарядталмайды (Samsung бекіткен зарядтағыштар үшін)

- Құлаққаптардың зарядтау контактілері мен зарядтау кейсының зарядтау контактілері бір-бірімен байланыста болғанын тексеріңіз.
- Зарядтау кейсына зарядтағыш дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Егер зарядтау контактілері ластанса, батарея тиісінше зарядталмауы мүмкін. Зарядтау контактілерін құрғақ шүберекпен сүртіп, батареяны қайта зарядтап көріңіз.

Егер жоғарыдағы кеңестер ақаулықты шешуге көмектеспесе, Samsung немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Зарядтау уақыты және батарея қызмет мерзімі құлаққаптар арасында әр түрлі болады

- Зарядтау бір уақытта басталса, екі құлаққап арасындағы зарядтау уақыты өзгеше болуы мүмкін.
- Әр түрлі ішкі құрамдастарға байланысты екі құлаққап арасындағы зарядтау уақыты мен қалған батарея қуаты әр түрлі болуы мүмкін.

Батареяның қуаты сатып алғаннан кейінгі сәтке қарағанда тез таусылады

- Galaxy Buds құрылғысына өте төмен немесе жоғары температураның әсер етсе, оның тиімді заряды төмендеуі мүмкін.
- Батарея тозады және пайдалы заряд уақыт өте келе азая береді.
- Құлаққаптар пайдаланбайтын кезде оларды зарядталған зарядтау кейсында сақтаңыз. Әйтпесе сенсорлық датчик жұмыс істеуді жалғастырады және бұл батареяны пайдалану уақытына және қуатының жұмсалуына әсер етеді.

Басқалардың сөйлегені естілмейді

Қосылып тұрған мобильді құрылғыдағы дыбыс деңгейін реттеңіз.

Қоңырау кезінде жаңғырық дыбысы естіледі

Қосылған мобильді құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз немесе басқа аймаққа жылжытыңыз.

Телефонмен сөйлескен кезде дыбыс құлаққаптардан емес, қосылған мобильді құрылғыдан шығады

- Құлаққаптардың дұрыс тағылғанын тексеріңіз. Оларды дұрыс тақпасаңыз, қосылған мобильді құрылғыда Bluetooth белгішесі пайда болған жағдайда да қоңыраудың аудиосы құлаққаптан естілмеуі мүмкін.
- Құлаққаптарды құлақтан алып, қайта салыңыз.

Аудио сапасы нашар

- Сымсыз желі қызметтері қызмет көрсетушінің желісіндегі мәселелерге байланысты өшірулі болуы мүмкін. Құлаққаптарды электромагниттік толқындардан аулақ ұстаңыз.
- Құлаққаптар мен екінші Bluetooth құрылғысы ең үлкен Bluetooth ауқымының (10 м) ішінде екеніне көз жеткізіңіз. Қашықтық, құрылғылар пайдаланылатын қоршаған ортаға байланысты өзгере алады.
- Қосылған құрылғының дыбыс деңгейіне байланысты дыбыс деңгейін төмендеуі немесе шу болуы мүмкін. Мұны болдырмау үшін қосылған құрылғының дыбысын тиісті түрде реттеңіз.

Бейнелерді және ойындарды ойнату кезінде құлаққаптар дыбысы экранға қарағанда баяу шығады

Құлаққаптарда мобильді құрылғыға жалғанған бейнелерді немесе ойындарды ойнату кезінде бейне мен дыбыс шығысы арасында кідіріс уақыт болуы мүмкін.

Шуылды басқару элементтері режимдері дұрыс жұмыс істемейді

- Құлаққаптың екеуін де құлағыңызға салып, шуылды басқару элементтері режимдерінің бірі болып табылатын белсенді шуылды басу мүмкіндігін іске қосыңыз. Белсенді шуылды басу мүмкіндігінің қосылған-қосылмағанын білмесеңіз, оны Galaxy Wearable қолданбасынан қараңыз.
- Құлаққаптардың жоғарғы және төменгі жағында орналасқан микрофондардың бөгде заттармен бітеліп қалмағанын тексеріңіз және қажет болса, оларды тазалаңыз.
- Құлаққаптарда бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз.

Galaxy Buds құралын тиген кезде тым ыстық

Galaxy Buds құрылғысын ұзақ уақыт пайдаланған кезде, ол қолға ыстық болып сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және Galaxy Buds қызмет мерзіміне немесе өнімділігіне әсер етпеуі тиіс.

Егер Galaxy Buds құралы қызып кетсе немесе ұзақ уақыт ыстық болса, оларды пайдаланбаңыз. Galaxy Buds қыза берсе, Samsung немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Galaxy Buds құралы сыртының айналасында шағын саңылау пайда болады

- Бұл саңылау — өндіру мүмкіндігі үшін қажет және біраз аздаған шайқалу немесе бөліктердің дірілдеуі орын алуы мүмкін.
- Уақыт өте келе, бөліктер арасындағы сүйкелу саңылауды біраз кеңейтуі мүмкін.

Құлаққапты құлағыңыздан алған кезде, құлаққап ұштары аударылады (Galaxy Buds3 Pro)

Құлаққаптарды тағу әдісіне және оларды шешіп алу бағытына байланысты құлаққап ұштары аударылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда оларды бастапқы күйіне қайтарып, пайдалануды жалғастырыңыз.

Өндіруші / Изготовитель: Samsung Electronics Co., Ltd.

Импорттаушы / Импортер: «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС, Қазақстан Республикасы, А05D7M5, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 115, 3 қабат; TOO «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ), Республика Казахстан, А05D7M5, город Алматы, Алмалинский район, улица Желтоқсан, 115, 3 этаж

Авторлық құқық

Copyright © 2025 Samsung Electronics Co., Ltd.

Бұл нұсқаулық халықаралық авторлық құқықтар туралы заңдармен қорғалған.

Бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін кез келген түрде немесе электрондық не механикалық кез келген әдіс, соның ішінде, фотокөшіру, жазу не кез келген ақпарат сақтау орнында және шығарып алу жүйесінде сақтау арқылы көшіруге, таратуға, аударуға немесе тасымалдауға болмайды.

Сауда белгілері

- SAMSUNG және SAMSUNG логотипі — Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- Bluetooth® — Bluetooth SIG корпорациясының әлемдегі тіркелген сауда белгісі.
- Барлық басқа сауда белгілері және авторлық құқықтар тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Үлгісі: SM-R530 / SM-R630

Номиналды кернеу/ток:

5 В / 200 мА (құлаққап)

5 В / 900 мА (зарядтау кейсы), 3,88 В (ішкі батарея)

Samsung компаниясымен Вьетнамда жасалған

